5	2-сатыдағы орташа мәні	$\beta_{\text{орт2}}$	$\beta'' + \frac{1}{2} \cdot \Delta\alpha_{\text{ен}1}$	1,11
6	Бір сатылы үйлестіргенде орташа мәні	$\beta_{\text{орт}}$	$\beta'' + \frac{1}{2} \cdot \Delta\alpha_{\text{вп}}$	1,11

## 2.5 Ауаның және жану затының көлемдік есебі

Түтін газын керекті жану мен көлемді тудыратын ауаның көлемінің есебі. 1кг сұйық және қатты отынды толық жағу үшін қажетті ауаның теориялық көлемі келесі формуламен анықталады.

$$V^0 = 0,0889(C^P + 0,6375 \cdot S^P_{\text{ор+k}}) + 0,265H^P - 0,0333O^P$$

$$V^0 = 0,0889(39,8 + 0,375 \cdot 0,767) + 0,265 \cdot 2,57 - 0,0333 \cdot 5,14 = 4,07 \text{ м}^3 / \text{кг}$$

Жану заттарының теориялық көлемі, сұйық отынды жаққанда келесі кезекте анықталады.

А) Азот көлемі.

$$V^0_{\text{N}_2} = 0,79V^0 + 0,008N^P$$

$$V_{\text{N}_2} = 0,79 \cdot 4,07 + 0,008 \cdot 0,57 = 3,22 \text{ м}^3 / \text{кг}$$

Б) Үшатомды газ көлемі.

$$V_{\text{RO}_2} = 1,866 \frac{C^P + 0,375S^P_{\text{ор+k}}}{100}$$

$$V_{\text{RO}} = 0,0187(39,8 + 0,375 \cdot 0,76) = 0,75 \text{ м}^3 / \text{кг}$$

В) Су буының көлемі.

$$V^0_{\text{H}_2\text{O}} = 0,111H^P + 0,0124W + 0,0161V^0$$

$$V^0_{\text{H}_2\text{O}} = 0,111 \cdot 2,57 + 0,0124 \cdot 11 + 0,0161 \cdot 4,07 = 0,49 \text{ м}^3 / \text{кг}$$

$\alpha > 1$  ауаның шығыны кезінде алынған, сұйық отынның жану заттарының көлемі, су буы мен ауа шығынының теориялық көлемінен  $[V_{\text{изб}}^0 = (\alpha - 1)V^0]$  айырмашылығы бар, осыған байланысты су буының шындық көлемі мына формуламен анықталады.

$$V_{H_2O} = V_{H_2O}^0 + 0.0161(\alpha - 1)V^0$$

Ал түтін газының шындық көлемі:

$$V_R = V_{RO_2} + V_{N_2}^0 + V_{H_2O}^0 + 0.0161(\alpha - 1)V^0$$

0,1 МПа қысымдағы парциал қысымға тең болатын, үшатомды газ бен су буының бөлігінің көлемі:

$$I_{RO_2} = \frac{V_{RO_2}}{V_r}$$

$$I_{H_2O} = \frac{V_{H_2O}}{V_r}$$

$$I_n = I_{RO_2} + I_{H_2O}$$

Жану заттарының орташа тығыздығы.

$$\rho = \frac{G_r}{V_r}$$

Мұндағы сұйық отынды жаққандағы газ массасы

$$G_r = 1 - 0.01A^p + 1.306\alpha V^0$$

4– кесте - Газ маңызы мен көлемі, үш атомды газдардың көлемдік үлесі, күл шоғыры

Шамалардың атауы	Өлшем бірлігі	$V^0=4,7$	$V_{H_2O}^0=0,49$	$V_{RO_2}^0=0,75$	$V_r^0=5,06$	$A^P 38,5$	$r=0$
		Газ жолдары					
		Топка, фесто н, ширма	Біріншілік бу қыздырғыш	Аралық бу қыздырғыш	ВП -2	СЭ	ВП-1
Ауа артықшылығының орташа мәні	–	1,1	1,1	1,13	1,16	1,24	1,27
Орташа артық ауа еселеуіші, $\alpha_{cp}$		1,1	1,1	1,115	1,145	1,2	1,25
$V_{H_2O} = V_{H_2O}^0 + 0,0161(\alpha - 1)V^0$	$\frac{M^3}{кг}$	0,648	0,65	0,653	0,656	0,658	0,667
$V_r = V_r^0 + 0,0161(\alpha - 1)V^0$	$\frac{M^3}{кг}$	6,247	6,249	6,252	6,257	6,258	6,267
$V_{22} = V_2(1 + r)$	$\frac{M^3}{кг}$	7,046	7,048	7,052	7,058	7,059	7,069
Үш атомды газдар үлесі $r_{H_2O} = \frac{V_{H_2O}}{V_{\bar{a}}}$	–	0,104	0,104	0,1045	0,1048	0,1051	0,1064
$r_{RO_2} = \frac{V_{RO_2}}{V_{\bar{a}}}$	–	0,16808	0,16802	0,16795	0,16786	0,16778	0,1675
$r_n = r_{H_2O} + r_{RO_2}$	–	0,2720	0,2720	0,27245	0,27266	0,27288	0,2739
Газдар массасы $G = 1 - (A^P/100) + 1.306\alpha V_r$		10,3703	10,4927	10,7407	10,9905	11,1997	12,1038
Күл шоғыры	–	0.0324	0,0320	0,03128	0,0305	0,03	0,0277

$\mu_k = \frac{a \cdot A^k}{100 \cdot G}$							
---	--	--	--	--	--	--	--

## 2.6 Ауа және жану өнімдері көлемінің теориялық қажыры

Жылу мөлшерін, ауаның құрамын және жану өнімін ауаның жылутасығышын энтальпиясын анықтау, Жану өнімінің қажыры ауаның артықтық еселеушіндегі әрбір беткі қыздыру кезінде өндіріледі (беткі қыздыру кезіндегі ауаның артықтық еселеушісі)

Температураның барлық аралықтағы ауаның энтальпия көлемі келесі формуламен есептеледі:

$$I_B^\circ = V^\circ (c\vartheta)_B, \text{ кДж/кг}$$

мұнда  $(c\vartheta)_B$  - ауаның  $1 \text{ м}^3$  энтальпиясы,  $\text{кДж/кг}$  ;

$V^\circ$  - Жану үшін керекті ауаның теориялық көлемі.

Температураның барлық аралықтағы жану өнімінің көлемі мына формула бойынша анықталады.:

$$I_G^\circ = V_{RO_2}^\circ (c\vartheta)_{RO_2} + V_{N_2}^\circ (c\vartheta)_{N_2} + V_{H_2O}^\circ (c\vartheta)_{H_2O}, \text{ кДж/кг}$$

мұнда  $(c\vartheta)_{RO_2}$ ,  $(c\vartheta)_{N_2}$ ,  $(c\vartheta)_{H_2O}$  -  $1 \text{ м}^3$  ұшатамды газдың энтальпиясының көлемі, азоттық көлемі, су буының көлемі  $\text{кДж/кг}$ ;

$V_{RO_2}^\circ$ ,  $V_{N_2}^\circ$ ,  $V_{H_2O}^\circ$  - ұшатамды газдың көлемі,

Азоттың және су буының көлемдік массалары,  $\text{м}^3/\text{кг}$

$$I_{зл} = 0,01 a_{зл} A_p^p (c\vartheta)_{зл}, \text{ кДж/кг}$$

Мұнда  $1 \text{ кг}$  қажырдың энтальпиясы  $(c\vartheta)_{зл}$  басқа сипаттамалыра карағанда аз,  $\alpha_{зл} \cdot A_p^p > 1,4\% \cdot \text{кг/мДж}$ . Сонда  $0,13 \cdot 2,04 = 0,26\% \cdot \text{кг/мДж}$  күлдің энтальпиясы есепке алынбайды.

2.5- кесте. Ауа және жану өнімдері көлемінің теориялық қажыры

	$T^\circ \text{C}$	$I_G^\circ,$ $\text{кДж/кг}$	$I_B^\circ,$ $\text{кДж/кг}$	$H_G^\circ,$ $\text{кДж/м}^3$	$H_B^\circ,$ $\text{кДж/м}^3$	$H_{кул}^\circ,$ $\text{кДж/м}^3$	$\Delta H_G^\circ,$ $\text{кДж/м}^3$
1	2	3	4	5	6	7	8
$\alpha_{ВП} = 1,27$	30						
	100	153	136	632,23	556,87	36	487,88
		314	274			72,2	

	200			1281,22	1117,92		979,38
$\alpha_{\text{ЭК}} = 1,24$	300	474	414	1951	1691,54	110,5	1545,17
	400	642	557	2967,81	2277,72	149,6	2091,15
$\alpha_{\text{БР}} = 1,16$	500	814	703	2637,81	2277,72	189,8	2889,36
	600	990	853	3349,6	2876,46	231	2889,36
	700	1170	1007	4069,76	3487,77	274	3511,72
$\alpha_{\text{СР}} = 1,13$	800	1356	1162	4810,86	4115,82	319	4152,33
	900	1545	1317	5572,89	4752,24	364	4955,10
	1000	1735	1476	6351,67	5384,48	412	5651,69
	1100	1930	1640	7143,02	6033,38	460	6358,67
$\alpha_{\text{Т}} = 1,1$	1200	2124	1802	7934,36	6703,46	509	7062,92
	1300	2322	1967	8729,89	7373,30	560	7992,56
	1400	2524	2135	9546,36	8043,22	611	8742,03
	1500	2724	2303	10379,5	8729,89	664	9506,58
$\alpha_{\text{Т}} = 1,1$	1600	2927	2471	11200,2	9412,37	717	10258,9
	1700	3132	2638	12037,6	10099,0	771	11027,7
	1800	3337	2806	12879,2	10785,7	826	11800,6
	1900	3545	2978	13720,8	11472,5	881	12573,6
	2000	3752	3151	14579,1	12175,8	938	13361,5
	2100	3966	3223	15429,1	12879,2	994	14141,2
	2200	4171	3495	16291,6	13582,6	1051	14933,3

## 2.7 Қазан агрегатының жылу балансы

Жылу балансы қазандықтың жылу жұмысының режимін орнықтыру үшін есептейді. Жылу балансы қазандыққа келетін жылуды және қолданылатын жылуды пайдаланады.

$$Q_p^0 = Q_1 + Q_2 + Q_3 + Q_4 + Q_5 + Q_6$$

мұндағы  $Q_2$  -кететін газдың жылуын жоғалту

$Q_3$  -жанудың химиялық толмайтын жылуды жоғалту

$Q_4$  -жанудың механикалық толмайтын жылуды жоғалту

$Q_5$  -қоршаған ортаның жылуын жоғалту

$Q_6$  -физикалық шлақтың жоғалуы

Жылу теңестігі жылу тәртібін тұрақты ұстау үшін есептелінеді.

$q_2$  -кететін газдың жылуын жоғалту жағатын отынның артық ауа коэффициентінің кететін газдардың температурасын беттік қыздырғыштың сыртқы және ішкі жылу ауаның температурасы.

$q_3$  -химиялық толмайтын жылу жоғалту кететін газдарда жанатын газдардың пайда болуы.

$CO, H_2, CH_4$ , толмайтын жылу жоғалтуда отынның түріне ондағы ұшатын заттарға артық ауа коэффициенті камералық ошақта температурасын берілуін қарастырамыз.

$q_4$  -механикалық толмайтын жылу жоғалту жанғаннан пайда болған қатты қалдықтар олар күлден шлактан тұрады.

$q_5$  -қоршаған ортаға жылу жоғалту төменгі температуралы сыртқы ауаның агрегаттық сыртының жылуын жоғалтуын айтамыз. Сыртқы жылу жоғалту жылу жүйелерінің сыртына оның қалыңдығына қабырғасының жазықтығына және су қазандықтарына байланысты.

$q_6$  -шлақтың физикалық жылу жоғалту Сұйық шлак бөлінгенде физикалық жылу бөлінеді, қабатты оттықтарда суды суытатын канализацияға жіберілетін панельдер орналасады. Бу және су қазандарында суды суытатын панелдер циркуляциялық контур арқылы қосылады.

Жылу жоғалту кететін газдарда мына формуламен анықталады.

$$q_2 = (t_{yx} - I_{yx} I_{xd}) (100 - q_4) | q_3$$

мұндағы  $(t_{yx})$  -кететін газдың энтальпиясы

$q_2$  = -кететін газдың температурасы

$(I_{xd})$  -суық ауаның теориялық көлемінің энтальпиясы



$(I_{yx})$  -кететін газдың артық ауа коэф 33-таб.

$q_4$  -механикалық толық жануды жоғалту

Газ бен мазутта  $q_4 = 0$

Отынның бар жану жылуы:

$$Q_p^o = Q_{cy}^h + Q_y^h + I_{Tл} \quad \text{кДж/кг}$$

Екібастұз көмірінің төменгі жану жылуы:  $Q_p^o = 16240$  кДж/кг

Қазандыққа келетін ауа жылуы:

$$Q_{ВНр} = \beta'' [(I_{г}^0) - I_{хв}^0]$$

Қазандыққа келетін ауа және отын температурасы  $30^\circ\text{C}$  болғандықтан олардың энтальпиялары да бірдей болады. Сәйкесінше энтальпиялар нөлге тең.  $Q_{ВН} = 0$ -ге деп аламыз.

Отынның физикалық жылуы:

$$I_{мл} = C_{om} \cdot t_{om}$$

$C_{Т.л}$  – жұмыстық отынның жылусыйымдылығы;

$t_{Т.л}$  – отынның температурасы  $120^\circ\text{C}$  деп аламыз;

Құрғақ отын үшін жұмыстық жылусыйымдылық формуласы былай анықталады:

$$C_{om} = \frac{W_p}{100} + C_{ТЛ}^C \cdot \frac{100 + W_p}{100}$$

$W_p = 10\%$ , отынның ылғалдылығы;

$C_{ТЛ} = 0,026$  ккал/(кг·°C) құрғақ масса жылусыйымдылығын таблицадан аламыз.

$$C_{om} = \frac{10}{100} + 0,026 \cdot \frac{100 + 10}{100} = 0,128 \quad \text{ккал/(кг·°C)}$$

$$I_{Тл} = 0,128 \cdot 120 = 15,432 \text{ ккал/кг} = 64,613 \text{ кДж/кг}$$

Отынның жану жылуы:

$$Q_p^o = 1640 + 0 + 64,613 = 16304,619 \text{ кДж/кг}$$

Отынның жылу шығындарын есептеу:

Шығар газдармен кететін жылу шығыны:

$$q_2 = \frac{(I_{yx} - \alpha_{yx} I_{xg}^0)(100 - q_4)}{Q_p^p}$$

Шығар газдардың ыстықтығы  $t_{yx}=128\text{ }^\circ\text{C}$

Шығар газдардың қажыры  $I_{yx}=1276,73\text{ кДж/кг}$

Қазандықтағы ауа ыстықтығы  $t_{xb}=30\text{ }^\circ\text{C}$

Қазандықтағы ауаның теориялыққажыры  $I_{xb}=161,17\text{ кДж/кг}$

$$q_2 = \frac{(1276,73 - 1,27 \cdot 161,17)(100 - 3)}{16304,619} = 6,62$$

Отынның химиялық кемжануынан болатын жылу шығыны:  $q_3 = 0\text{ }%$

Отынның механикалық кемжануынан болатын жылу шығыны:  $q_4 = 3\text{ }%$

Сыртқы суытудан болатын жылу шығыны:  $q_5 = 0,4\text{ }%$

Қож жылулығынан кеткен жылу шығыны:  $q_6 = 0,07\text{ }%$

Жалпы жылу шығыны:  $\Sigma q = q_6 + q_5 + q_4 + q_3 + q_2$

$$\Sigma q = 0,07 + 0,4 + 3 + 0 + 6,62 = 10,09\text{ }%$$

Қазанның пайдалы әсер коэффициенті:

$$\eta_{ка} = 100 - \Sigma q$$

$$\eta_{ка} = 100 - 10,09 = 89,91\text{ }%$$

Жылудың сақталу еселеуіші:

$$\varphi = 1 - \frac{q_5}{\eta_{ea} + q_5} = 1 - \frac{0,4}{94,58 + 0,4} = 0,995$$

Отынның есептеме отын шығынын:

Қазанның бу өндірулігі:  $D=260\text{ тонна/сағ} / D=116,66\text{ кг/с}$

Дағырадағы бу қысымы:  $P=13,8\text{ МПа}$

Бу ыстықтығы:  $t_{пп}=560\text{ }^\circ\text{C}$

Қоректік судың ыстықтығы  $t_{пв}=230\text{ }^\circ\text{C}$

Қаныққан будың қажыры:  $I_{пп}=3486,9\text{ кДж/кг}$

Қоректік судың қажыры:  $I_{пв}=992,9\text{ кДж/кг}$

Судың қажыры:  $I_{кип}=1645,7\text{ кДж/кг}$

Үрлеу мәні:  $p=1,5\text{ }%$

Пайдалы қолданылған жылу:

$$Q_{п} = D \cdot (I_{пп} - I_{пв}) + 0,01 \cdot p (I_{кип} - I_{пв}) \cdot D$$

$$Q_{п} = 13,8 \cdot (3486,9 - 992,9) + 0,015 \cdot (1645,7 - 992,9) \cdot 13,8 = 34552,33\text{ кВт}$$

Толық отынның шығысы:

$$B = \frac{Q_{ка} \cdot 100}{Q_h^h \cdot \eta_{ка}} = \frac{34552,33 \cdot 100}{36727 \cdot (100 - 5,42)} = 1,14 \text{ м}^3 / \text{с}$$

Есептеме отын шығысы:

$$B_p = B \cdot 0,01 \cdot (100 - q_4) = 2,35 \cdot 0,01 \cdot (100 - 3) = 2,28 \text{ кг/с}$$

### 3.Өміртіршілік қауіпсіздік бөлімі

Менің дипломдық жобамның тақырыбы «бу өнімділігін жоғарлату мақсатында БКЗ-220-100 қазан агрегатын жаңарту» бойынша орындалады. Бұл Рудный қаласында жылу энергиясының, Соколов-Сарыбай кенішіне технологиялық будың, ыстық суды толық көлемді өндіре алмағаннан кейінгі туған мәселе. Бұл мәселенің шешімін БКЗ-220-100 қазанының бу өнімділігін 220 т/сағ-260 т/сағ арттыру болды. Ол үшін қазанның габариттерін өзгертпей қазан агрегаттарының өлшемдерін ауыстырып, бірінші және екінші сатылы эконмайзерді қарапайым түтікті мембранаға, сеператорлық қондырғыны өнімділігі жоғары барабанға, ТВП екіншілік бу сатысының шығысына жоғары температуралы кететін газдарды азайтуға арналған арнайы тақташалар қоюға болады.

Осы дипломдық жобада өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде қарастырылатын мәселелер:

Рудный қаласындағы ЖЭО-ның қазандық цехтағы өндірістік шудың шама-шарттарын есептеу және қазан агрегатын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздік шарасын қарастырдым.

3.1 Рудный қаласындағы ЖЭО-ның қазандық цехндағы өндірістік шуды есептеу.

Шу – беймәлім субъективті әсерлер тудыратын, әр түрлі жиілікпен қарқындағы дыбыстардың ретсіз үйлесуі.

Дыбыс жиілігі дыбысталу биіктігін анықтап, есту қабілетіне әсер етеді. Адамның дыбыстық органы 16Гц-20кГц жиілік . Құлақ еститін дыбыстық ең төмен қарқындылығы есту табалдырығы  $J_{\min} = 10^{-13} \text{ Вт} / \text{м}^2$  естілетін және ауыртатын әсер жасайтын ең жоғарғы қарқындылық – ауыртқыш табалдырық  $J_{\min} = 10 \text{ Вт} / \text{м}^2$  болады. Шу қарқындылық деңгейін акустикалық есептеулер орындау кезінде басшылыққа алады, ал дыбыстық қысым деңгейін- шуды өлшеу және оның адамға әсерін бағалау кезінде ескереді, себебі біздің есту органымыз қарқындылыққа емес, орташа квадраттық қысымға сезімтал.

Шуды өлшеу СНИП 11-12-77 «Шудан қорғаныс және ГОСТ 12.1.036-81» бойынша жүргізіледі.

-дыбыстың еңбек жағдайына қолайлы параметрлерін табу.

-шу көзін және оның дыбыстық қасиеттерін анықтау.

-ғимарат ішіндегі және аймағындағы есеп жүргізуге қажетті нүктелерді анықтау (есептік нүкте)

-дыбыстың шу көзімен есептік нүкте арасында таралу және дыбыс энергиясының жоғалу жолдарын анықтау.

-есептік нүктегі белгіленген дыбыс деңгейін анықтау.

-талап етілген дыбыс деңгейіне дейін төмендетуге арналған шаралар құрастыру.

Дипломдық жобаның технологиялық бөліміне қатысты қазандық цехында БКЗ-220-100 типті екі қазандығы орналасқан.

1. Жұмыс орнының өлшемдері келесідей: ұзындығы  $a = 30$  м, ені  $b = 25$  м, биіктігі  $h = 8$  м. Жалпы ауданы  $a \times b \times h = 6000$  ш.м.-ге тең. Шу көзінен есептеу нүктесі қазандық қондырғыларына дейінгі ара қашықтық  $r_1 = 5$  м  $r_1 = 8$  м Шу көздері еденде орналасқан. Шу көздерінің ең үлкен мәні 1,4 метрге тең. Шу көздері еденнен 1,5 м биіктікте орналасқан.

Техникалық эстетиканың талаптары: қабырғаның түсі-сұр, еден – сырлы кірпішті, ақшыл- қоңыр.СН-181-70 сипаттамасына сәйкес түстік рәсімдеу орындалған, яғни барлығы өзара үйлеседі.

Цехтің ішін жарықтандыру: жұмыс орнындағы жарық көзі люминесцентті лампалар, олардың арасындағы ара қашықтық 1-1,5м.

Машинисттің жұмыс ортасындағы шудың деңгейін азайту. Машинист отыратын диспетчерлік пункттегі шудың деңгейін анықтау керек. Бір уақытта жұмыс жасайтын бірнеше некогерентті көздерден пайда болған шу деңгейін бөлек шу көздері тудыратын энергетикалық қосындылау принцип негізінде есептейміз

$$L_i = 10 \lg \sum 10^{0.1 L_i}$$

мұндағы  $n$  – көздер саны ;

$L_i$  –  $i$  көздегі шу деңгейі, дБ

Есептеуден алынған мәндер берілген жұмыс орта үшін шудың рұқсат етілген мәнімен салыстырылады. Егер есептеу нәтижесінде шыққан мән рұқсат етілген мәннен асып кетсе, онда шуды азайтатын арнайы жұмыстар жасалуы қажет. Оператордың жұмыс ортасында әсер ететін шу көздері 5.1 кестеде келтірілген.

3.1 к е с т е – Әртүрлі шу көздерінің дыбыс қысымының деңгейі

Шу көзі	Шу деңгейі, дБ
Желдеткіш	45
Деаэрациялық калонка	88
Генератор	105

Есептің нәтижесін дыбыс қысымының деңгейінің нормативімен салыстыру керек. Салыстыру нәтижесінде есептелген деңгейі нормативтен үлкен болса, онда дыбыс қысымын төмендетіп, қауіпсіздік шараларын қолдану керек. Есептеуді жүргізу үшін бастапқы мәліметтер 5.2 кестеде келтірілген.

3.2 к е с т е – Берілген мәліметтер

Қондырғының түрі	Қазан агрегаты
Көздерінің саны	2
Нүктенің шу көзінен орналасқан арақашықтығы	$r_1 = 5м$ $r_1 = 8м$
Жұмыс орынының көлемі	600
$B / S_{огр} -$	1

Жұмыс нүктесінен шу көзіне дейінгі ең аз арақашықтық есепке алынады.  $r_1 = 2r = 2 \cdot 5 = 10м$  олай болса жалпы есепке алынатын шу көздері саны екеу.

Алынған нүктедегі дыбыс қысымының октавалық деңгейін келесі формуламен есептейміз:

$$L = 10 \lg \left( \sum_{i=1}^m \frac{\nabla_i \chi_i \Phi_i}{S_i} + \frac{4\psi}{B} \sum_{i=1}^n \Delta_i \right)$$

$$\Delta_i = 10^{0.1L_{pi}}$$

мұндағы  $L_{pi}$  –  $i$ -ші шу көзінің дыбыс қысымының октавалық деңгейі;  
 $m$  – нүктеге жақын орналасқан шу көзінің саны (ол үшін  $r_i < 5r_i \text{ min}$  орындалу керек);

$n$  – шу көзінің толық саны;

Нүктеден акустикалық орталыққа дейінгі ең кіші ара қашықтық және оған ең жақын орналасқан шу көзі  $r_{\min 1} = 5м$   $5r_{\min 1} = 25м$

$\chi_i$  – акустикалық өрісіне жақын әсер ету коэффициенті,  
 $L_{\max} = 5/1,4 = 3,8$  қатынасына байланысты аламыз;

$L_{\max}$  – шу көздерінің ең үлкен мәні  $L_{\max} = 1,4$  м;

$\Phi_i$  – өлшемсіз шама, шу көздерінің бағытын көрсететін фактор және ол тәжірибе бойынша анықталады, бірақ шу көзі бірқалыпты шағылысқан дыбыс болса, онда бірге тең болады;  $\Phi=1$

$S_i$  – шу көзі және есептелінетін нүкте арқылы өтетін беттің дұрыс геометриялық форманың ауданы;

$\Psi$  – дыбыстық өрісіндегі диффузияны жоюда есептейтін коэффициент, оны тәжірибе жүзінде немесе график бойынша анықталады;

$V$  – нақты жұмыс орны;

$\mu$  – жиіліктік көбейткіш.

3.3 кесте – Қазан үшін  $L_{pi}$  мәндері

	Октавалық жолдардың орташа геометриялық жиілігі, Гц							
	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$L_{pi}$	88	92	96	97	92	94	95	94
$\Delta_i = 10^{0.1L_{pi}}$	$10^{8,8}$	$10^{9,2}$	$10^{9,6}$	$10^{9,7}$	$10^{9,2}$	$10^{9,4}$	$10^{9,5}$	$10^{9,4}$

Барлық көздер үшін келесі шарт орындалады:  $2 \cdot L_{\min 1} \leq r$ .

$$2 \cdot 1.4_1 \leq 2.8 \leq r$$

$$S_{i1} = 2 \cdot \pi \cdot r_i^2$$

$$S_{i1} = 2 \cdot \pi \cdot r_i^2 = 2 \cdot 3.14 \cdot 5^2 = 157 \text{ м}^2$$

$$S_{i1} = 2 \cdot \pi \cdot r_i^2 = 2 \cdot 3.14 \cdot 8^2 = 401,92 \text{ м}^2$$

Егер  $\frac{r_i}{l_{\max}} = \frac{5}{1.4} = 3.8$ ,  $\frac{r_i}{l_{\max}} = \frac{8}{1.4} = 5.71$ ,

Онда  $\chi$ -коэффициентінің  $L_{\max}$  қатынасына тәуелділік графигіне сүйеніп,  $r_i / L_{\min 1} \geq 2$  шарты орындалып тұрғандықтан  $\chi=1$ .

$V$  және  $\mu$  мәндерін анықтаймыз, ол үшін алдымен кесте арқылы  $V_{1000}$  мәнін табамыз, яғни диспетчерлік пункт үшін:

$$V_{1000} = \frac{V}{20_x} = \frac{6000}{20} = 300$$

Ғимараттың жалпы көлемі:

$$F = L \cdot B \cdot H = 30 \cdot 25 \cdot 8 = 6000 \text{ м}^2$$

$$V_i = \mu \cdot V_{1000} \text{ м}^2$$

мұндағы  $V_{1000}$  – 1000 Гц орта геометриялық жиіліктегі жұмыс орнының тұрақтысы;

$\mu$  – жиіліктік көбейткіш, 1000 Гц үшін 1-ге тең.



3.4 к е с т е –μ және В мәндері

	Октавалық жолдардың орташа геометриялық жиілігі, Гц								
	Өлш. бір	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$B_{1000}$	$m^2$	300	300	300	300	300	300	300	300
$\mu$	Гц	0,5	0,5	0,55	0,7	1	1,6	3	6
$B = B_{1000} \cdot \mu$	$m^2$	150	150	165	210	300	480	900	1800

Шу көзі еденде орналасқандықтан  $\Phi=1$ .

$\psi$  – дыбыс өрісінің диффузиялық бұзылуын анықтайтын коэффициент, ал жоқ болған кезде сызбадан алынады (СНиП II-12-77).

$\psi$  мәнін  $B/S_{opr}$  – байланысты графиктен таңдаймыз, онда  $B/S_{opr} - 1$  – болғандықтан,  $\psi=0,57$  болады.

$B$  – аумақ тұрақтысы.

Барлық шу көзінен орналасқан есептеу нүктесінің дыбыс қысымының деңгейінің қосынды  $L_{сум}$  табайық. Біз есептеген  $L_{шек}$  мәнін қолдана отырып, 1000 Гц кезінде  $L_{шек} = 80$  дБ.

Қажетті шуды төмендетуді  $L_{ш,т} = L_{сум} - L_{шек}$  бойынша анықтаймыз.

3.5 к е с т е – машинистің бөлмесі үшін дыбыс қысымының шектік деңгейі.

Дыбыс қысымының шектік деңгейі	Октавалық жолдардың орташа геометриялық жиілігі, Гц								
	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000	
$L_{шек}$	99	92	86	83	80	78	76	74	

Табылған мәндерді ескере отырып, есептеу жүргіземіз. 63 Гц жиілік кезінде есептеуді келтірейік. Тапсырма бойынша қазан агрегаты үшін жиілігі 63 Гц болғанда,  $L_{pi} = 88$  дБ.

$$\Delta i = 10^{0.1 \cdot p} = 10^{0.1 \cdot 8,8} = 10^{0,88} = 7943282347,24$$

$$\Delta i / S_1 = 7943282347,24 / 157 = 505941,62$$

$$\Delta i / S_2 = 7943282347,24 / 401,92 = 197633,4223$$

$$\Sigma = \Delta i / S_2 = 197633,4223 + 505941,62 = 703575,04$$

63 Гц болғанда  $\mu = 0,5$  . Сонда шамасы

$$B = B_{1000} \cdot \mu = 300 \cdot 0,5 = 150$$

$$\frac{4 \cdot \psi}{B} = \frac{4 \cdot 0,057}{150} = 0,015$$

$$\Sigma = 2 \cdot \Delta i = 2 \cdot 7943282347,24 = 1588636469,448$$

$$\left(\frac{4 \cdot \psi}{B}\right) \cdot (\Sigma) = 0,015 \cdot 1588636469,448 = 23884888,165720$$

$$\left(\frac{4 \cdot \psi}{B}\right) \cdot (\Sigma) + (\Sigma = \Delta i / S_i) = 23884888,165720 + 703575,04 = 24588463,20$$

$$L_{\text{сум}} = 10 \cdot \lg\left(\frac{4 \cdot \psi}{B}\right) \cdot (\Sigma) + (\Sigma = \Delta i / S_i) = 10 \cdot \lg(24588463,20) = 73,9$$

3.6 к е с т е – Алынған мәліметтерді рұқсат етілген мәндерімен салыстыру.

$L_{\text{сум}}$ дБ	73,92	68,15	53,25	51,63	45,25	40,67	36,9	35,45
$L_{\text{шек}}$ дБ	99	92	86	83	80	78	76	74
$L_{\text{ш,т}}$	-25,08	-23,85	-32,75	-31,37	-34,75	-37,33	-39,1	-38,55

Қорыта келе, өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде мен қазандық цехінің шудың акустикалық есебін жасадым. Есептелінген мәндерге сүйене отырып шектік мәндер мен олардың айырмасы қажетті бәсеңдетілетін дыбыс қысымына сәйкес келеді.

### 3.2 Шудан қорғану шаралары.

Интенсивті шудың (80 дБ-дан жоғары) ұзақ әсері адамның есту қабілетінің толық немесе жартылай нашарлауына әкеледі. Адам организміне шудың ықпалы есту органына әсерімен ғана шектелмейді. Шу есту жүйкесінің талшықтары арқылы тітіркеніп орталықтық және вегетативтік жүйке жүйесіне беріледі, адамның мазасыздануына, психикалық жағдайына әсер етеді. Адам интенсивті шудың әсер етуінен орташа алғанда физикалық және жүйке – психологиялық күштерінің 10 – 20 %-ын жоғалтады, сондықтан шу мөлшері 70 дБ-дан жоғары болмау керек. Өндірістік аурулардың ішінде 10 – 15 %-ы осы шудың әсерінен болған. Шу ұзақ әсер ету жағдайында жұмысжасайтын адамдарда бас ауру, бас айналу, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, тәбетінің төмендеуіне және шаршағандық белгісінің жоғарылауына әкеледі. Шумен күресу мәселелерінің социалды мәні бірінші кезекте дем алу мен еңбек шарттарын жақсарту, жұмысшы күшінің тұрақсыздығының төмендету, жұмысшылардың активті қызметін көрсетуінде тұр. Қондырғыларда, жабдықтарда, яғни шу көздеріндегі шуды төмендету үшін тәсілдемелік, құрылымдық және тағы да басқа шешімдер қолданылады. Құрылымдық өзгерістер шу пайда болатын шу көздеріндегі шуды төмендетуге бағытталған, кейбір жеңіл алынатын элементтеріне өзгерістер енгізу арқылы төмендетеді. Сонымен қатар дыбысты оқшаулайтын және дыбысты сіңіретін материалдар қолдану керек. Егер жұмыс орнында шу деңгейін рұқсат етілген мәнге дейін төмендете алмайтындай болса немесе техника – экономикалық тұрғысынан тиімсіз болса, онда шудан дербес қорғану құралдарын қолдану қолайлы. Шудан дербес қорғану құралдарын қолдану тек есту органдарын қорғап қана қоймай, сонымен қатар жүйке жүйелерінде шудың зиянды әсерінен қорғайды. ГОСТ 12.1.029 – 80 (ст СЭБ 1928 - 79) сәйкесінше «ССБТ. шудан дербес қорғану құралдары құрылымдық қолдануына байланысты шуға қарсы наушниктер, шуға қарсы каскалар және шлемдер, шуға қарсы костюмдер деп бөлінеді. Наушниктер құлақтың сыртынан кигізіледі. Шлемдер мен каскалар бас бөлігін және құлақты жауып шудың рұқсат етілген мәнге дейін естілмеуін қамтамасыз етеді. Шуға қарсы костюмдер адам денесін және бас бөлігін жауып тұрады.

Шудан қорғану әдістер мен шаралар. 12.1.003-83 МЕСТ технологиялық әдістерді әзірлеген, машиналарды, ғимараттар мен құрылыстарды жобалаған және пайдаланған, және де жұмыс орнын ұйымдастырған кезде адамға әсер ететін шуді рұқсат етілген мөлшерлерге дейін төмендетуді талап етеді. Шуды төмендету келесі шаралармен жүзеге асырылады: техникалық құралдармен машиналар шуын пайда болу көзінде төмендету; құрылыс-акустикалық шаралармен; шулы машиналарды қашықтан басқаруды қолданумен (блоктық қалқандар, басқарудың орталық қалқаны бөлек ғимаратқа шығарылған); ұйымдастырушылық шаралармен, жұмыс істеу мен демалудың тиімді тәртібін таңдау, шулы жағдайларда болу уақытты азайту, емдеу-

профилактикалық шаралар; жеке қорғану құралдарын қолданумен , шлемдер, құлаққалқандары.

Шудың деңгейі 85 дБА-ден асатын аймақтар қауіпсіздік белгілерімен белгілену керек. Бұл аймақтарда жұмыс істейтін жұмыскерлер жеке қорғану құралдарымен жабдықталу керек. Шудың деңгейі 135 дБА-ден асатын аймақтарда тіпті қысқа мерзім болуға тыйым салынады.

Әртүрлі мамандар үшін жұмыс орындарындағы шудың деңгейін шектеу әртүрлі әдістермен орындалады. Мысалы, электростанцияның кезекші инженерлері жұмыс істейтін бөлмелердің қазан-турбиналық цехтердің бөлмелерімен ортақ фундаменти немесе қабырғалары болмау керек. Шудың сыртқы көздерін ,трансформаторлар, бу және газ құбырлары, олардан алшақтап орналастыру керек. Қазан-турбиналық цехінің ауысым бастықтарының және аға машинистерінің жұмыс орындарын бөлек шудан оқшауланған +0 м белгісінде орналастыру керек. Турбиналардың машинистер-тексерушілері үшін шудан оқшауланған кабиналарды орналастыру жөн болады және де жеке қорғану құралдарын қолдану ұсынылады.

ЖЭО-ның кейбір учаскелерінде шудың екінші көздері кездеседі, оларда шу дірілдің басқа көздерінен берілетін дыбыстардан және дыбыс толқынының шағылуынан пайда болады,

ЖЭО-ның кейбір учаскелеріндегі шудың нақты деңгейлері 3.1 кестеде келтірілген.

3.1 Кесте – ЖЭО-ның кейбір учаскелеріндегі шудың нақты деңгейлері

Шудың көзі	Шу көзінен 1 м қашықтықтағы шудың деңгей
Қазан	75-105
Турбина	79-117
Арматура, бу құбырлары	86-120
Күлді үгітетін жабдықтар	85-115
Күлмен шлақты жоятын агрегаттар	91-92
Циркуляциялық және желілік сораптар	82-101
Қамсыздандыратын сораптар	90-115
Үрлегіш желдеткіштер	86-91

### 3.3 Рудный қаласындағы ЖЭО-дағы өрт қауіпсіздігі

Өр цехқа арналып, өрт қауіпсіздік – қорғауын сақтау үшін, ішкі тәртіп ережелері және нұсқаулар құрастырылады. Жылу тәсілдемелік жабдықтар орналасқан бөлменің өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары «Жылу қолдану қондырғыларын және жылу торабының тәсілдік пайдалану ережелерінде» жазылған. Жанғыш заттар сақтайтын немесе қолданылатын бөлмелер деп аталады. Жарылғыш қоспа туратын немесе қалыптасуы мүмкін қондырғылар және бөлмелер жарылуқауіпі бар аймақ болып табылады. Жарылу қауіпі барларға жатқызылатын бөлмелерде, адам эвакуациясын қамтамасыз ететін есіктер әр қабатта екеуден болуы тиіс.

ОВМ негізгі желдеткіштерін қолданады; бөлмеден ластанған ауаны аластату үшін ВРН және ЭВР ортадан тепкіш сорғысын қолданады. Желдеткіштің құрғанда және жобалағанда СН 245-71 және ГОСТ 12.1.005-88 байланысты санитарлы-гигиеналық, техникалық талаптар сақталуы қажет. Төмендегілер: желдетілетін дұрыс ауа ағындарын, құрамын қамтамасыз ету, желдеткіш қондырғысынан шуылды аластату, желдеткіш қондырғысының өрт және жарылыс қауіпсізділігі; сенімділік; үнемділік; қарапайым қызмет көрсету және тағы да басқа.

Цехтарда өрт келесі себептерден туындауы мүмкін:

1) жұмыс істеп тұрған машиналардың, құралдардың ұшқындануы және қызуынан, жүйедегі шамадан тыс тоқ немесе сымдардың қиылысу кезінде тоқтардың тұйықталу салдарынан;

2) құралдарды, қондырғыларды қосу немесе айыру кезіндегі дұрыс емес операциялар жасағанда;

3) ауамен араласқан сутегі қоспаларының, жанғыш газдардың, майлардың т.б. өздігінен тұтануы т.б.

Өрттен қорғану үшін төмендегідей шаралар қарастырылады:

а) жанғыш заттардың түзілуінен қорғау;

б) жанғыш заттардың түзілуінен және оларға тұтану көзін әкелуден қорғау;

в) жанғыш заттардың температурасы мен қысымын тұтану бойынша рұқсат етілген мәнінен тұрақты ұстап тұру;

г) жанғыш заттардың мөлшерін анықтау.

Турбина цехында өрттен қорғану жүйесі:

а) мүмкіндігінше жанбайтын және қиын жанатын заттар мен материалдарды пайдалану;

б) жанатын заттарды оқшаулау;

в) өрт сигнализациясы және хабарлау құралын қолдану;

г) әріптестік және жеке тұлғалық оттан қорғану құралын қолдану;

д) өрт сөндіру құралдарын қолдану.

Өрт сөндіру құралдарының негізгілері:

1) суы бар, құм салынған ыдыстар және от сөндіргіш құралы;

2) брезент, асбест көрпе, тез тұтанатын сұйықтардың аз мөлшерін сөндіруге пайдаланылады;

3) құм аз мөлшердегі жанғыш сұйықтарды сөндіруге қолданылады;

4) химиялық көбік қатты және сұйық заттардың сөндіруге арналған.

Қолданылатын от сөндіргіш құралдардың түрлері:

а) көмірқышқылды (КҚ-5) от сөндіргіш – мазут, тозаң және 1000В –қа дейінгі электр қондырғыларындағы өртті сөндіруге арналған;

б) үйлестірілген көбікті от сөндіргіш (ҮК-5)- 1000В-қа дейінгі электр қондырғыларындағы және кез-келген өртті сөндіруге арналған;

в) химиялық көбікті от сөндіргіш (ХК-10) – тез тұтанатын материалдарды сөндіруге арналған. Цех өрт сөндіру крандарымен және қолмен сөндіруге арналған шлангалармен жабдықталған. Өртке қарсы тәртіп ережелерге, инструкцияларға, өндіріс жетекшілерінің бұйрықтарына сәйкес анықталады. Өндірістің өрт қауіпсіздігі жауапкершілігі өндіріс жетекшісіне, ал бөлімдердің жауапкершілігі цех бастығына жүктеледі. Турбина цехының өрт қауіпсіздігі жауапкершілігі цех бастығына, ал ауысымдарда ауысым бастығына жүктеледі. Өндірісте инженер-техникалық қызметкерлер, жұмысшылар қатыстырылуымен өз еркімен өрт сөндірушілер дружинасы құрылады. Олардың мақсаты өртке қарсы тәртіптің орындалуын және сақталуын бақылайды. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және алғашқы сөндіру құралдарын пайдалану бойынша жұмыстар жүргізеді.

Қауіпсіздік тәсілдері: барлық қызметкерлер арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киімімен, құралдармен және орындалатын жұмыс сипаттамасымен сәйкес келетін қорғанудың жеке құралдарымен жабдықталуы тиіс жәнеде жұмыс уақытында оларды қолдануы тиіс. Әрекет етуші энергетикалық жабдықпен бөлмеде бір болғанда қызметші қорғау каскаларын киюі тиіс. Электрстанциясының негізгі цехтарының жабдықтарына қызмет көрсететін және арнайы жұмысты орындауға жіберілген адамдардың білімін тексеру куәлігінде сол туралы жазылған болуы тиіс. Жабдықтарды қауіпсіздің қолданудың ұйым қағидалары еңбекті қорғаудың нормативтік-техникалық документациясы талаптарына орналастырылады. Осының негізінде қызмет көрсетушінің арасындағы оперативті байланыс сұлбесін, негізгі өндірістің технологиялық сұлбесін, негізгі өндірістің технологиялық жүйесімен байланысты оның қағидалы сұлбесін, жабдықтың қысқа суреттемесін құрайтын пайдалану нұсқауын құрастырады. Жабдықтың қызметіне және жөндеуіне жасы 18-ге жеткен шамадағы адамдар жіберіледі. Жабдықтың барлық ыстық бөліктері құбырлар, күбілер және басқа жұғысып кеткенде күйік тудыратын бөлшектер беткейінде жылулық оқшауламалары болуы тиіс. Оқшауламаның бетіндегі температура, қоршаған ауа температурасы 250С болғанда, 450С-ден аспауы керек.

Өрт– бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.



Ең күрделі, зиян тигізетін өрттер өртке қауіпті объектілерде және басқа да зақымдау факторлары (жарылыс, улы заттардың жиналуы т.б.) бар объектілерде болады. Сонымен бірге, адамдар көп шоғырланған жерлерде де өрт шығу қаупі бар.

Өрт үлкен материалдық шығын әкеледі және кейбір жағдайларда адам өліміне де әкеледі. Сондықтан өрттен қорғау қоғамның әрбір мүшесінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Әр кәсіпорында өртті сөндірудің оперативті жоспары болуы керек, бір данасы өрт шыға қойған жағдайда басшылыққа алу үшін беріледі. Электростанцияның барлық құрамы жыл сайын 6 сағаттық көлемде өрт минимумы бойынша оқудан өтеді және екі жыда бір рет өрт қауіпсіздігі ережелерінен білімдері тексеріледі.

Электростанцияларда еркін өрт дружиналары құрылады, пайдалану және жөндеу құрамы әскери есепке кірілуі, өртті сөндіру, тұтану ерелері үйретіледі, өрт құралдарын пайдалану дағдыларын алады.

Жылына екі реттен жиі емес қоғамдық, цехтық өрт дайындығы өткізілуі тиіс.

Цехтарда кабельдік каналдардағы өртті анықтау және сөндіруге автоматты жүйелер орнатылады, май бактарындағы, мазутты ыдыстардағы өртті сөндіру үшін көбікті берудің стационарлық құралдары және өрт бөлімінен шақыруға байланыс болады.

Жақсы дайындық және өрт сөндіру құралдарының барлығы құрамға дер кезінде оперативті шаралар қолданып, өртті сөндіруге өртті сөндірушілер келгенге дейін мүмкіндік береді, олармен нақты іс-әрекет жасай алады.

Аса қауіпті жағу тәртібін бұзу мен газды қазандықты пайдалану тудырады. Басты назарды газды арматураның тығыздығына, турбалардың қосылуына, газды арматураның тығыздығына, турбалардың қосылуына, газды қыздыруларға бақылау құралдарының дұрыстығына, қорғануға, автоматикаға аудару керек.

Ішкі жағу және газ жолының жұмыстары газ құбырларына беуітулер орналастырылғаннан кейін, газ құбырларының бөлігін бекітуден қазандыққа дейін үрлеу, жағу орнын 10 мин бойы желдету және жағу орнының жоғарғы бөлігінде газдың жоқтығына көз жеткізгеннен кейін ғана жүзеге асады.

Өрт салдарлары зақымдау факторларының әрекеттеріне байланысты болады. Оларға жататындар:

- жанған затқа оттың тікелей әсері;
- сәулелер есебінен жоғары температуралы заттар мен объектілерге қашықтықтық әсері;
- жану зонасында иісті газбен улану;
- жану кезіндегі токсинді өнімдерден улану;
- құрылыстардың конструктивті бөліктерінің бұзылып құлауынан адамдардың жарақат алуы немесе қаза болуы.

Өндірістегі өрттердің негізгі себептеріне құрал-жабдықтардың технологиялық жұмыс тәртібінің бұзылуы, электр жабдықтарының

ақаулылығы, жабдықтардың жөндеу жұмыстарына нашар дайындылығы, әртүрлі материалдардың өздігінен жануы және т.б. жатады.

Өрттен қорғанудың мақсаты — өрттердің алдын алу үшін ең тиімді, экономикалық жағынан пайдалы, техникалық жағынан дәлелденген тәсілдер мен құралдарды іздестіру және өрт сөндірудің техникалық құралдары мен күштерді тиімді пайдалана отырып, өртті аз шығынмен тоқтату.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен және белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрт профилактикасы болып өртті болдырмау немесе оның салдарларын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады. Белсенді өрт қорғанысы – бұл өрт немесе жарылысқа қауіпті жағдайларымен белсенді күресуді қамтамасыз ету шаралары.

Өрттің алдын алу шараларын мыналар кіреді:

- құрылыстық-жобалау;
- техникалық;
- ұйымдастырушылық;
- өрт сөндіру тәсілдері мен құралдары.

Құрылыстық-жобалау шаралары ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігімен анықталады (конструкция материалдары жанғыш, қиын жанатын, жанбайтын болып бөлінеді). Отқа төзімділік шегі дегеніміз – бұл оттың әсерінен құрылыс конструкцияларының бірінші сызат пайда болғанға дейінгі шыдайтын уақыт интервалы. Барлық құрылыс конструкциялары отқа төзімділік шегі бойынша 8 деңгейге бөлінеді. Ғимараттардың отқа төзімділік деңгейіне байланысты өрт кезінде эвакуациялау үшін шығатын жерлерге дейінгі қашықтықтар белгіленеді.

Техникалық шараларына мыналар кіреді:

- өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;
- құрал-жабдықтар жұмысының тәртібі мен технологиялық процестер параметрлерін сақтау;
- әртүрлі қорғану жүйелерін пайдалану.

Ұйымдастырушылық шаралар құрамына өрт қауіпсіздігі бойынша оқу өткізу, өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын тексеру кіреді.

Өрт сөндірудің келесі тәсілдері қарастырылады:

1. ыстық жанғыш затты тотықтырғыштан бөлектеу;
2. ауадағы оттегі концентрациясын азайту;
3. ыстық жағғыш заттың температурасын оталдыру температурасынан төмендету.

Өрт сөндіру заттары ретінде су, құм, көпіршіктер, ұнтақтар, өрт тудырмайтын газ тәріздес заттар, инертті газдар, булар қолданылады.

Өрт сөндіру құралдары 2-ге бөлінеді:

— қол көмегімен жұмыс істейтін құралдар (құм салынған жәшіктер, асбест жабындары, өртке қарсы құрал-саймандары бар тақталар; химиялық көпіршікті от сөндіргіштер; ұнтақты от сөндіргіштер; көміроттекті от сөндіргіштер; хладонды от сөндіргіштер; құрама от сөндіргіштер);

— өртке қарсы жүйелер (сумен жабдықтау жүйелері; көпіршікті генераторлар; автоматты сигнал беру құралдарын қолдану арқылы автоматты өрт сөндіру жүйелері).

Кез келген объектілерді эксплуатациялауды (туристік фирмаларды, қонақ үйлерді, демалыс базаларын) бекітілген нормативті құжаттар талаптарына сай қатаң түрде жүзеге асыру қажет.

Барлық қоғамдық және өндірістік ғимараттарда нақты көрсетілген кедергісіз тез шығуға кепіл беретін апатты жағдайларда шығатын жерлер болуы тиіс. Есіктер іш жағынан ашылуы керек. Бұл жерлерде кедергі келтіретін бөгде заттар мен отқа жанғын материалдар болмауы керек. Бұдан басқа да құтқару жолдары қарастырылуы жөн (мысалы, сыртқа шығатын сатылар мен шатырға шығатын жерлер). Өрт кезінде ешқашан лифтті қолдануға болмайды.

Өртті сөндіруде әр түрлі өртті басу сұйықтары пайдаланады. Олардың ішінде кең тарағаны химиялық және ауалы механикалы көбіктер.

Химиялық көбіктер қышқыл мен карбанат немесе бикарбанаттың араласуынан пайда болады. Ал ауалы механикалық көбік ауаның (90 %) судың (9,6-9,8 % ) және көбіктенуінің (0,2-0,4 %) қоспаларынан тұрады. Мұндай қоспалар адамға зиянсыз және ток өткізбейді. Тиімді өрт сөндіруші заттарға инертті газдар да жатады. Олар жанып жатқан заттардың булары мен қышқыл газдарымен араласып оттегінің канцентрациясын төмендетіп оттың сөнуіне себеп береді.

Химиялық көбікті өрттің шығу көзіне жіберу алдында ерітінділерді (сілтілік және қышқылдық) араластыру немесе судың ағынымен көбіктенетін түйіршіктерді (көбік түзуші) араластыру арқылы алады.

Көбікті түйіршік – күкірт қышқылдық аммоний мен натрий бикарбонатының, көбіктендіргіштер мен судың қоспалары. 1 кг түйіршік пен 10 литр судан 40-60 литрға дейін көбік алуға болады. ПО-1 ППП түйіршіктерінен алған көбіктермен – мұнай өнімдерін; спирттер мен ацетондарды, ішіне 2% сабын қосылған ПППС түйіршіктерімен өшіреді.

Химиялық көбік жану аймағында оттегі мөлшерін 14% дейін азайтады, жабдықтардың беттерін жауып, оларды от жалынынан оқшаулайды, суытып, жануды тоқтатады.

Инертті газдар көлемі кіші жабық бөлмелеріндегі және ашық жерлердегі отты өшіруде тиімді. Отты өшіруде ұнтақ түріндегі қатты от өшіру заттарды да пайдаланады. Оларға альбумин, көмірсутекті және екі көмірсутекті сода, құм, құрғақ жер жатады. Бұлар өз салмақтарымен жанып жатқан жерді басып жану аумағымен жанушы затты бөлу арқылы өртті өшіреді. Мұнай өнімдеріндегі болған өрттерді сөндіруде өртті галландіріленген калиреудегі негізіндегі өртті басуға арналған құрам көп

колданылады. Өртті өшіруде екі көмірқышқыл және көмірқышқыл содасының су ертіндісі аммонидің хлорлы су ертіндісі пайдаланады. Тұздың су ертіндісінің де отты басу қасиеті бар.

Олар жанып жатқан заттың бетіне жұқа қабат түзіп оттың арасын бөгейді. Ең қарапайым өрт сөндіру құралдарына сұйықты және көбікті өрт сөндіргіштер жатады. Олар ішінде қышқыл сұйық құйылған темір баллон түрінде болады. Ол темір баллонның ішіне шыныдан немесе полиэтилен пакетінен жасалған күкірт қышқылы құйылған ыдыс орнатылады. Керек жағдайда өрт сөндіргіштің арнайы түтігін төмен қаратып соған күкірт қышқылы құйылған ыдысты сындыру арқылы пайдаланады. Сол кезде қышқыл, сілті сұйық пен әрекеттесе бастасы мен көпірік пайда болып химиялық әрекеттесу реакциясы жүреді де сонымен қатар үлкен қысым пайда болады. Соның арқасында өрт өшіргіштен көпірік атқылай бастайды. Ол өрт сөндіргіштің көбік атқылау мерзімі 60 см. Көпіріктік өрт сөндіргіштердің артықшылығы көптеген жанып жатқан заттарды өшіруге мүмкіншілігі бар сондай –ақ жанып жатқан сұйық заттарды (май, керосин, бензин, мұнай) заттарды қондырғылар мен құралдарды сөндірушіні көмір қышқылды өрт сөндіргішті пайдаланады. Мұндай өрт сөндіргіш металл балоны түрінде кездеседі. Оның ішінде қысымы 170 кг\см -ден тұратын сұйық көмірқышқыл болады. Баллон қорғағыш мембранамен қамтамасыз етілген. Жанып жатқан затты сөндіру үшін баллонның шашу түтікшесін артқа қарай бұрып жақындатсақ жеткілікті мұндай өрт сөндіргіштердің өрт сөндіруге кететін уақты 25 –60 с. Ал атқыламаның ұзындығы 1,5 –3,5 метр.

Өрт сөндіруді пайдалану ережесі бойынша өрт сөндіргіш баллоны әр 3 айда зарядталуы тиіс. Барлық өндіріс орындарында арнайы өртті сөндіруге арналған құралдардан тұратын болады. Ол шиттер өртті сөндіруге керек(шелек, балта, лом) қамтамасыз етілу керек. Бұл құралдарды басқа мақсатта пайдалануға болмайды. Өндіріс орындарында арнайы өртке қарсы су құбырыда болуы тиіс. Өртке қарсы су құбыры үлкен және кіші қысымды болып келеді. Үлкен қысымды су құбырына станоктарды су құйғыш орнатылады. Ал кіші қысымды су құбыры жылжымалы су құйғыштармен қамтамасыз етіледі. Өрт сөндіру су құбырларының гидранттары жолдың бойында және бір –бірінен 100 –150 м қашықтықтан сонымен қатар ғимарат қабырғасынан 5м қашықтықтан кем болмайтын жерде орналасады.

Өрт сөндіру гидранттары ғимараттардың баспалдақ ауласында да орналасуы мүмкін. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланатын перспективті бағыттардың бірі автоматты өрт сөндіргіш қондырғылары. Ондай қондырғыларға спринклерлік және дренгерлік қондырғылары жатады. Дренчерлік өрт сөндіргіш қондырғысы өртте сумен автоматы және қашықтықты жүйеде сөндіреді.

Қорыта айтқанда Рудный қаласындағы ЖЭО-ның қазандық цехындағы өндірістік шудың шама-шарттарын есептеп және қазан агрегатын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздік шарасын қарастырдым. Қазандық цехінің шудың акустикалық есебін жасадым. Есептелінген мәндерге сүйене отырып шектік

мәндер мен олардың айырмасы қажетті бәсеңдетілетін дыбыс қысымына сәйкес келеді. Цехта шу мен өрт адамның денсаулығына кері әсерін тигізіп және жұмыс істеуіне қолайсыздық тудырады. Сол себепті шудан, өрттен қорғанатын арнайы құрал жабдықтар қолданады. Жұмыс уақытында өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары жүргізіледі.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

5.7 к е с т е – Өр түрлі жиіліктегі дыбыс қысымының деңгейін және қажетті шуды төмендету мәнін анықтау.

	Октавалық жолдардың орташа геометриялық жиілігі, Гц							
	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
$L_{pi}$	88	92	96	97	92	94	95	94
$\Delta i = 10^{0.1 \cdot L_p}$	79432 8 2347,2 4	15848 93192, 46	398107 1705,53	50118 72336,2 7	15889 3192,4	251188 6 431,5	31622 77660, 2	25118 8 6431, 1
$S_{i1} = 2 \cdot \pi \cdot r_i^2$	157	157	157	157	157	157	157	157
$S_{i2} = 2 \cdot \pi \cdot r_i^2$	401,9	401,9	401,9	401,9	401,9	401,9	401,9	401,9
$\Delta i / S_1$	50594 155,07	10094 8 61,09	25357 144,62	31922 753,73	10120 58,5	15999 276,63	2014 1895,9	15999 276,6
$\Delta i / S_2$	19764 3 25,32	39435 01,34	99056 27,53	124704 46,22	39535 5,04	62500 28,44	78683 19,6	62500 2 8,4
Сумма 5,6	70358 480,4	1403 8362	35262 772,2	4439 3200	1407 413,54	22249 305,07	28010 215,5	22249 305,0 4
$B_{1000} = \frac{V}{20_x}$	300	300	300	300	300	300	300	300
$\mu$	0,5	0,5	0,55	0,7	1	1,6	3	6
$B = B_{1000} \cdot \mu$	150	150	165	210	300	480	900	1800

$\frac{4 \cdot \psi}{B}$	0,015	0,0152	0,0138	0,0108	0,007	0,004	0,0025	0,0012
$\Sigma = 2 \cdot \Delta i$	1588636 469,448	31697 8 6385	79621 43411	100237 4 2852,12	31778 6385	502377 2863	63245 5 5320	50237 7 2862
11*12	2382 95747	48180 753,1	10987 7579	10825 6423	22245 04,7	20095 091,5	15811 388,3	60285 27,43
$L_{\text{сум}}$	73,92	68,15	53,25	51,63	45,25	40,67	36,9	35,45
$L_{\text{цек}}$	99	92	86	83	80	78	76	74
$L_{\text{ш,т}}$	-25,08	-23,85	-32,75	-31,37	-34,75	-37,33	-39,1	-38,55

#### 4. Экономикалық бөлім

Менің дипломдық жобамның тақырыбы «бу өндірулігін жоғарылату мақсатында БКЗ-220-100 қазан агрегатын жаңарту» бойынша орындалады. Бұл Рудный қаласында жылу энергиясының, Соколов-Сарыбай кенішіне технологиялық будың, ыстық суды толық көлемді өндіре алмағаннан кейінгі туған мәселе. Бұл мәселенің шешімін БКЗ-220-100 қазанының бу өнімділігін 220 т/сағ-260 т/сағ арттыру болды. Ол үшін қазанның габариттерін өзгертпей қазан агрегаттарының өлшемдерін ауыстырып, бірінші және екінші сатылы эконмайзерді қарапайым түтікті мембранаға, сеператорлық қондырғыны өнімділігі жоғары барабанға, ТВП екіншілік бу сатысының шығысына жоғары температуралы кететін газдарды азайтуға арнайы тақташалар қоюға болады.

Есептеу үшін бастапқы берілгендер ретінде электр және жылу энергияларының жылдық өндіру көлемдері және 1 кВт·сағ электр энергиясы мен 1 Гкал жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шартты отынның меншікті шығысы, отын түрі, оның жылу шығару қабілеті (ккал/кг көмір үшін және теңге/м<sup>3</sup> газ үшін), отынның бағасы (теңге/т.о.т. көмір үшін және теңге/м<sup>3</sup> газ үшін), қатты отынның шығарылу көзінен стансаға дейінгі тасымалданатын ара қашықтығы беріледі (1-кесте).

1 Кесте - Есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер

№А	Э <sub>өнд</sub> , млн.кВт·сағ	Q <sub>өнд</sub> , мың Гкал	Отын	Q <sub>б</sub> , ккал /кг(м3)	Б <sub>отын</sub> , теңге /тот(м3)	R, км	T <sub>м</sub> , сағ
1	4000	2830	көмір	4100	1900	600	5500

Бір кВт·сағ өндіруге жұмсалатын отынның меншікті шығысын 190-210 ш.о.г/кВт·сағ көлемінде деп қабылдайды; ал бір Гкал жылу энергиясына жұмсалған отынның меншікті шығысы - 170-180 ш.о.кг/Гкал.

Газбен жұмыс істейтін ЖЭО үшін штаттық еселеуішті қатты отында жұмыс істейтін ЖЭО-мен салыстырғанда 15-20% -ға төмендету қажет. Қатты отынның тасымалдану құнының шамасы 0,8-1,0 теңге/т-км. Есептеулерде газдың тығыздығын  $0,83 \text{ кг/м}^3$  деп қабылдайды.

### 1 ЖЭО-ның жылдық энергия жіберуін анықтау

Электр стансасының жұмысы кезінде өндірілетін энергияның бір бөлігі стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалады. Электр энергиясының бұл шығысы қондырғының типіне және оның бірлік қуатына, қолданатын отын түріне, негізгі және көмекші қондырғылардың техникалық жетілу дәрежелеріне және стансада техника мен қаржы саясатын дұрыс жүргізуге байланысты болады. Стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалатын электр энергиясының шығысы - 6 дан 16%-ға дейін.

Есептерде өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын электр энергиясының шығынын - 7- 9% ( $\mathcal{E}_{\text{о.м.}}$ ), ал жылу энергиясына - 0,5- 1% ( $Q_{\text{о.м}}$ ) деп қабылдау керек.

Электр және жылу энергияларының жылдық жіберулері келесі кейіптемелермен анықталады

$$\mathcal{E}_{\text{отп}} = \mathcal{E}_{\text{в}} \cdot (1 - \mathcal{E}_{\text{с.н.}}) = 4400 \cdot (1 - 0,08) = 4048 \text{ млн. кВтч,}$$

$$Q_{\text{от}} = Q_{\text{в}} \cdot (1 - Q_{\text{с.н.}}) = 2880 \cdot (1 - 0,5) = 1440 \text{ мың. Гкал,}$$

мұндағы  $\mathcal{E}_{\text{өнд}}$  және  $Q_{\text{өнд}}$  – электр және жылу энергиясының жылдық өндірілуі (1-кесте).

Мұнда жіберілетін энергиядан өндірілетін электр және жылу энергиясына жұмсалатын меншікті отын шығындарына түзету жүргізу керек, яғни отын өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын шығынын ескеру керек. Оның

мәні  $b_{\text{мен}}$  төмендегідей анықталады

$$b_{\text{э}} = B_{\text{э}} : \mathcal{E}_{\text{жіб}} = 0,2 \text{ ш.о.г/кВтсағ,}$$

$$b_{\text{жс}} = B_{\text{ж}} : Q_{\text{жіб}} = 180 \text{ ш.о.кг/Гкал.}$$

### 2 Отынға жұмсалатын шығынды анықтау

Электр және жылу энергияларын өндіруге жұмсалатын жылдық отын шығыны

$$B_{\text{э}} = \mathcal{E}_{\text{о}} \cdot b_{\text{э}} = 0,2 \cdot 4048 = 809 \text{ мың ш.о.т,}$$

$$B_{\text{ж}} = Q_{\text{о}} \cdot b_{\text{жс}} = 180/1440 \cdot 1000 = 259 \text{ мың ш.о.т.}$$

ЖЭО-ның жалпы отын шығыны

$$B_{\text{ш}} = B_{\text{э}} + B_{\text{ж}} = 809 + 259 = 1068 \text{ мың ш.о.т.}$$

Отынға және оның тасымалына жұмсалатын шығындар табиғи отын бойынша анықталса, онда отынның шығысы бойынша анықталған шамаларды табиғи отынға айналдыру керек.

Табиғи отынның шығысы келесі түрде болады

$$B_T = B_{ш} : K_a = 1068 \cdot 1,68 = 1802 \text{ мың т.о.т.}$$

$K_a$ - шартты отынды табиғи отынға аудару еселеуіші шартты және табиғи отынның жылу шығару қабілетінің қатынасынан шығады (барлық берілгендер 1-кестеде көрсетілген).

Қатты отынның бір т.о.тоннасын тасымалдауға жұмсалатын шығындар

$$B_{\text{тасым}} = R \cdot (0,8-1,0) = 1100 \cdot 1 = 1100 \text{ теңге/т.о.т.}$$

Магистралды газ құбыры бойынша табиғи газды әкелу және оны стансаға дейін жеткізуге жұмсалатын шығындар газды сатып алу бағасына кіреді.

Отынға жұмсалатын шығын құраушысы төмендегі кейіптемемен табылады

$$Ш_{\text{отын}} = B_T (B_{\text{отын}} + B_{\text{тасым}}) = 1802 \cdot (1200 + 1100) = 4146 \text{ млн. теңге.}$$

### 3 Отынды қолданудың ПӘЕ-ін есептеу

ПӘЕ-і бірге тең құрылғыда 1 кВт·сағ электр энергиясын алуға 123 ш.о.г, ал 1 Гкал жылу энергиясына - 143 ш.о.кг қажет екені белгілі. Өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын электр және жылу энергиясының шығындарын ескергендегі отынды пайдалы пайдалану еселеуіші

$$ПӘЕ_{э} = 123 : b_{э} \cdot 100\% = 123 / 0,2 \cdot 100 = 61,5\%$$

$$ПӘЕ_{ж} = 143 : b_{ж} \cdot 100\% = 143 / 180 \cdot 100 = 79,44\%$$

Стансаның отынды пайдалану еселеуіші төмендегідей болады

$$ПАЕ = \frac{0,86 \cdot Э_{жіб}}{7 \cdot B} \cdot 100\% = 46\%$$

мұндағы 0,86 – электр энергиясын жылуға аудару еселеуіші;  
7 – шартты отынның жылу шығару қабілеттілігі, 7000 ккал/кг.

### 4 Суға жұмсалатын шығындарды есептеу

ЖЭО-да су шығыр шықтандырғыштарында буды салқындатуға, жылумен қамдау жүйелерін толықтыруға, генераторлар мен трансформаторлардың салқындатылуына, күлді тазалауға және т.б. шығындалады. Стансалардың сумен қамдау жүйесіне (тікелей, айналмалы) сәйкесті су шығындарының шамалары да әртүрлі болады. Мысал ретінде Қазақстандағы стансалардың біріндегі суға кететін шығынның көлемі 0,2-0,4



теңге/ кВт·сағ аралығында екен. Күрделі есептер үшін сумен қамдаудағы шығындар келесідегідей табылады

$$\text{Ш}_c = \text{Э}_c (0,13 - 0,15) = 4400 \cdot 0,2 = 880 \text{ млн. теңге.}$$

#### 5 Еңбекақы шығындарын есептеу

Өндірісте және қызмет көрсететін ЖЭО-ының өнеркәсіптік-өндірістік персоналға (ӨӨП) жұмсалатын еңбекақыларды анықтау үшін оның санын білу қажет. ӨӨП-лар - пайдалану, жөндеу және әкімшілік-басқару деп жіктеледі. Олардың саны негізінен негізгі энергетикалық қондырғының қуаты мен санына, қолданатын отын түріне, жөндеу жүргізу тәсілдеріне тәуелді болады.

ӨӨП санын электр стансасында 1 МВт орнатылған электр қуатына канша адам саны кететінін көрсететін штаттық еселеуіш арқылы анықтауға болады. Стансаның орнатылған электр қуатын осы қуатты пайдаланудың максималды сағат саны және электр энергиясын жылдық өндіру шамасы арқылы анықтауға болады, яғни

$$\frac{\text{Э}_c}{T_m} = \frac{4042 \cdot 1000}{5500} = 800$$

Орнатылған қуатты пайдаланудың максималды сағат саны  $T_m$ -ді есепте 5500 сағат деп аламыз. Жоғарыда айтылып өткендей, студенттерге нұсқа жетпеген жағдайда  $T_m$  санын 5000 сағат (оңтүстік аймақтар) және 6000 сағат (солтүстік аймақтар) деп түзетеміз. ЖЭО жылу энергиясын - жалпы тұрғын үй және қоғамдық құрылыс аймағын жылуландыру және ыстық сумен қамтамасыз етуге жібереді.

Қазақстанның кейбір стансаларындағы жұмысшылардың саны туралы әдеби және іс-жүзіндегі мәліметтер бойынша штаттық еселеуіштің орташа мәндерін алуға болады ( $K_{шт}$ ): орнатылған қуаты 500 МВт-тан жоғары ЖЭО үшін - 1,3 - 1,5 адам/МВт, қуаты 500 МВт-тан аз болса - 1,6 - 1,8 адам / МВт. Тапсырмада көрсетілгендей ЖЭО табиғи газбен жұмыс істегенде  $K_{шт}$  шамасы 15 - 20 % - ға төмендейді.

Стансаның қызметкерлер саны төмендегідей анықталады

$$K_c = K_{шт} \cdot K_{орн} = 1,6 \cdot 800 = 1280 \text{ адам.}$$

Еңбекақының қосынды қорына кіретіндер:

- негізгі еңбекақы ( $\text{Ш}_{неа}$ ), оған энергияны өндірудің технологиялық үрдісте айналысатын жұмысшылардың еңбекақысы кіреді, сонымен қатар жұмыс істелген уақытпен байланысты (тарифтік мөлшерлемелер және міндетті айлық ақылар, еңбекақы қорынан алынатын жұмысшылардың сыйақылары, мерекелік күндер мен түнгі уақыттағы жұмыс үшін төленетін қосымша төлемдер және т.б.) ақылар да кіреді.

- қосымша еңбекақыға ( $Ш_{кеа}$ ) жұмыс уақытына байланысты емес (кезекті, қосымша және оқуға байланысты демалыстарға және мемлекеттік міндеттерді орындауға байланысты төлемдер және т.б.) төлемдер кіреді.
- еңбекақыдан алынатын төлемдерге ( $Ш_{еаа}$ ) әлеуметтік салықтар және зейнеткерлік қорға түсетін аударылымдар кіреді.

Еңбекақының қосынды қорын анықтайтын кейіптеме мынаған тең

$$1. Ш_{еа} = Ш_{неа} + Ш_{кеа} + Ш_{еаа} = 480000 + 72000 + 11592 = 681,74 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа жылдық негізгі еңбекақының шамасы  $Ш_{еаа}$  бір қызметкерге 480 мың теңге деп қабылданады.  $Ш_{кеа}$  шамасы  $Ш_{неа}$  шамасының 10-15 % мөлшеріне тең деп алынады. Еңбекақыдан алынатын аударылымдар  $Ш_{еаа}$  (әлеуметтік салық және зейнеткерлік қорға аударымдар)  $Ш_{неа}$  және  $И_{кеа}$  қосындысының 21.5% мөлшеріне тең деп қабылданады.

#### 6 Амортизациялық аударылымдарды есептеу

Амортизациялық аударылымдар жабдықтардың табиғи және моральдық тозуын қаржылай орнын толтыру екені белгілі және күрделі жөндеу жүргізу мен тозған жабдықтардың орнына жаңа жабдықтар алуға (реновация) жұмсалады. Амортизациялық аударылымдар стансаның қосынды капиталдық салымдар шамасынан (әдетте әдебиеттерде аталатын: негізгі өндірістік қорлар, мекемелердің негізгі активтері, негізгі капитал) пайызбен алынады. Әрбір жабдыққа жұмыс уақытына және өндірістік үрдістегі өндірістік қорлардың тағайындалуына байланысты амортизациялаудың өз нормалары белгіленген. Амортизацияның шектік нормалары ҚР Президентінің №2235 24.04.95 ж., заң күшіне ие Қаулысына байланысты белгіленеді, амортизация нормаларын одан жоғары қолдануға болмайды.

Негізгі өндірістік қорлар (капиталдық салымдар) бағасын анықтау үшін алдын ала есептеулер жүргізгенде ТМД елдері мен шет елдерде меншікті капитал салымдары көрсеткіші  $K_{менш}$  кеңінен қолданылады. Оның мәні тіпті бір типті стансалар ішінде блоктарының қуатына, олардың санына, пайдаланылатын отынның түріне және экологиялық талаптарға байланысты кең ауқымда жатады. Есептеулерде  $K_{менш}$  шамасы белгіленген қуаты 800 МВт, ЖЭО үшін -1700 \$/кВт, 200 МВт - ЖЭО үшін - 2000 \$/кВт деп қабылданады. Осы қуаттары диапозонына жататын стансалар үшін  $K_{менш}$  сәйкес үлесте қабылданады. АҚШ долларының бағасын есептеуде 175-185 теңге деп қабылдау керек

$$K = K_{менш} \cdot N_{орн} = 255000 \cdot (800/1000) = 204000 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа есеппен блоктардың және стансаның жалпы қуатына, пайдаланылатын отын түріне байланысты амортизациялау нормасы 6 - 8 % аралығында болады.

Жалпылама есептеулер жүргізу үшін амортизациялық аударылымдар нормаларын К шамасының 6% мөлшерінде қабылдау керек

$$Ш_a = 0,06 \cdot 204000 = 12240 \text{ млн.тенге}$$

#### 7 Ағымдағы жөндеу шығындарын есептеу

Бұл шығын құраушысына өндірістік жабдықтарға ағымдағы жөндеу жүргізуге кететін шығындардан басқа техникалық қарап шығуға және жұмыс кезіндегі жабдықтарды жұмысқа қабілетті күйінде ұстап тұруға (сүрту және майлау материалдары) кететін шығындар жатады және мына шамада анықталады

$$Ш_{жс} = 0,15 \cdot Ш_a = 0,15 \cdot 12240 = 1836 \text{ млн.тенге}$$

#### 8 Шығарындыларға төлемдерді есептеу

Зиянды заттарды шығаруға төленетін ақы мөлшері шығарындылар көлеміне байланысты. Олар өз кезегінде жағылатын отын түріне (көмір, газ, мазут), оның мөлшеріне және зиянды заттарды ұстау тәсіліне (электрлік фильтрлер, эмульгаторлар) байланысты болады. Біздің жағдайда, бұл құраушыны жұмыс істеп тұрған стансалармен салыстыра отырып, ұқсастық әдісімен анықтаған жөн. Екібастұз көмірін жаққан кездегі шығарындыларға төлем мөлшері бір табиғи отын тоннасы үшін 110-120 теңге шегінде болатыны анықталған, онда

$$Ш_{шығ} = (150 - 180) \cdot B_n = \frac{150 \cdot 1802}{1000} = 270 \text{ млн.тенге}$$

#### 9 Жалпы стансалық және цехтық шығындарды есептеу

Бұл құраушы әкімшілік-басқармалық шығындарды (еңбекақы, кеңселік шығындар, іс сапарлық шығындар), жалпы өндірістік (ұстап тұру, амортизация, жалпы стансалық құралдарды ағымдағы жөндеу, сынақтар, зерттеулер, ұтымды пайдалану және еңбекті қорғау), мақсатты шығындарға аударылымдар (техникалық насихаттау, өзінен жоғарғы тұрған мекемелерді ұстап тұру), цехтарға қызмет көрсету және оларды басқару (цехты басқару еңбекақысы, амортизация және ғимараттарды ұстап тұру мен ағымдағы жөндеу шығындары, еңбекті қорғауға кететін шығындар).

Ауқымды есептеулер үшін мына кейіптемені пайдалануға болады

$$Ш_{жалп} = 0,2 \cdot (Ш_a + Ш_{жс} + Ш_{шығ}) = 2822 \text{ млн.тенге}$$

#### 10 Энергия жіберудің өзіндік құнын есептеу

ЖЭО-ның электр және жылу энергияны өндіруіне байланысты шығындарды осы құраушылар бойынша бөлу қажет. Бұл шығындарды бөліп тарату еселеуіштері бойынша жүргізіледі

$$K_p = \frac{B_{\text{э}}}{B_y} = \frac{809}{1068} = 0,75$$

Ол электр энергиясын жіберуге отынның қанша мөлшері (бірлік үлеспен немесе %-бен) шығындалғанын көрсетеді, ал айырмасы (1- $K_6$ ) - жылу энергиясына кеткен отын шығынының үлесін көрсетеді. Есептеуді табиғи немесе шартты отында жүргізу керек.

Одан кейін жіберілетін энергия түріне байланысты алынған еселеуіштерге ұқсас әрбір құраушыға кеткен шығынды бөліп, нәтижелерді 2-кестеге енгізу қажет.

2 Кесте - Электр және жылу энергиясын өндіруге кететін шығындар құраушылары

Шығындар құраушылары	Ш, жалпы, млн.тг	Ш <sub>э</sub> , эл. энергиясы	Ш <sub>ж</sub> , жылу, млн.тг
Отын, Ш <sub>отын</sub>	4146,428916	3140,857831	1005,571
Су, Ш <sub>с</sub>	880	666,5868263	213,4132
Еңбек ақы қоры, Ш <sub>еа</sub>	1603,008	1214,254563	388,7534
Амортизациялық аударымдар, Ш <sub>а</sub>	12240	9271,616766	2968,383
Жөндеу, Ш <sub>ж</sub>	1836	1390,742515	445,2575
Жалпы стансалық, Ш <sub>жс</sub>	2822,685455	2138,141977	684,5435
Шығарындыларға төлемдер, Ш <sub>шығ</sub>	270,4192771	204,8385542	65,58072
Барлық шығындар	23798,54165	18027,03903	5771,503

Электр энергиясын жіберудің өзіндік құны төмендегідей анықталады (2 кестенің үшінші бағанының алымы)

$$S_{\text{э}} = \frac{Ш_{\text{отын}} + Ш_{\text{с}} + Ш_{\text{еа}} + Ш_{\text{а}} + Ш_{\text{ж}} + Ш_{\text{жс}} + Ш_{\text{шығ}}}{\text{Э}_{\text{жиб}}} = 8,9 \text{ тг} / \text{кВтч}$$

Жылу энергиясын жіберудің өзіндік құны төмендегідей анықталады (2 кестенің төртінші бағанының алымы)

$$S_{\text{ж}} = \frac{Ш_{\text{отын}} + Ш_{\text{с}} + Ш_{\text{еа}} + Ш_{\text{а}} + Ш_{\text{ж}} + Ш_{\text{жс}} + Ш_{\text{шығ}}}{\text{Q}_{\text{жиб}}} = 4277 \text{ тг} / \text{кВтч}$$

11 ЖЭО салуды және пайдалануды экономикалық бағалау

ЖЭО салуды және оны пайдалануды экономикалық бағалау шешім қабылдаудың бастапқы сатыларында әдетте бизнес-жоспар құрудың негізінде жүргізіледі, егер ол жақсы қорытындыларды көрсетсе, инвестициялық жоба

жасалынады. Бұл ақша бағасының уақыт бойынша өзгерісін және жобаны іске асырудағы барлық кешенді шығындарды есепке алатын техника-экономикалық шешімдер қабылдауды бағалаудың қазіргі әдісі: ол бағалар мен келешектегі болатын тарифтік саясат, өнімді өткізу көлемі, жобаны іске асырудан болатын кіріс пен пайданы, несиені қайтаруға кететін пайда бөлігін, кәсіпорын несиені алатын банктің пайыздық мөлшерлемесі, несиені қайтару мерзімі.

Ірі энергетикалық нысандарды салу мен оны пайдалануды қаржылық-экономикалық бағалаудың қиындығы инвестициялардың бірнеше кезеңдермен түсуіне және жобаны іске асыруда нәтижелердің пайда болу ұзақтығына байланысты. Мұндай операциялардың ұзақтығы инвестицияларды бағалаудың белгісіздігіне және қателесу қаупіне әкеледі. Сондықтан практикада инвестициялық жобаларды бағалаудың жобаның қателік деңгейі минимумға жеткізілген әдістері қолданылады. Бұл әдістер таза келтірілген құнын (NPV), жобаның өтелу мерзімін (PP) анықтау, пайданың ішкі нормаларының есептеу (IRR), инвестицияның рентабелділігін есептеу (PI), инвестицияның бухгалтерлік рентабелділігін есептеу (ROI) болып табылады. Әрине практикада әрқашан инвестициялық жобаларды бағалаудың барлық 5 әдісі бірдей қолданыла бермейді. Сондықтан берілген жұмыста бастапқы 3 әдісі ғана қолданылады.

Кіріспеде айтылғандай электр стансасы сияқты ірі нысандарды салу дамыған елдерде әдетте мемлекеттің үлкен қаржылық және құқықтық қолдауымен, оған стратегиялық нысандарды басқаруға мүмкіндік бере отырып жүргізіледі. Ал қаражаттың қалған бөлігі жеңілдетілген несиелерді пайдаланылатын, көбінесе, акционерлік қоғамдардың құрылуымен жүзеге асады.

Есептеулерде ЖЭО салу капиталының үлестік таратылуы (K) мынандай: 90% мемлекет салады және 10 % "Энергоинвест" АҚ қамтамасыз етеді. Бұл қаражат тек стансаның салынуына ғана кетеді, бірақ стансаның жұмыс істеуінің бірінші жылында пайдалану шығындарына да қаражат қажет (2- кесте). Пайдаланудың екінші және келесі жылдарындағы пайдалану шығындары электр және жылу энергияларының өзіндік құнына енгізілген, демек олардың тарифіне де кіреді. Мұнда 60% пайдалану шығындарын мемлекет, ал қалған 40%-ын "Энергоинвест" АҚ төлейді.

Сонымен "Энергоинвест" АҚ банктен (10%) жеңілдетілген несиені алатын инвестиция көлемі ( $I_0$ ) ЖЭО салуға толық капитал салымдарының 10% -ын және пайдаланудың қосынды шығындарының 40% -ын құрайды.

Инвестициялық жобаны бағалауды тек төрт көрсеткіш пайдаланатыны белгілі:

$I_0$  – бастапқы инвестициялар;

CF - несиені қайтаруға жіберілетін қаржы ағыны;

r - банктің несиені бойынша пайыздық мөлшерлемесі (10%);

n - несиенің күнтізбелік жылы.

Инвестициялық жобаларды жасағанда және талдағанда ең қиыны пайданы есептеу және несиені қайтаруға жіберілетін қаржы ағынын CF есептеу болып табылады.

Біздің ЖЭО-ның электр және жылу энергиясын жіберу тарифінің рентабелділігі 25% делік, демек

$$T_o = S_o \cdot 1,25 = 8,9 \cdot 1,25 = 10,70 \text{ тенге} / \text{кВт}$$

$$T_{om} = S_m \cdot 1,25 = 6,952 \cdot 1,25 = 8,69 \text{ тенге} / \text{кВтч.}$$

ЖЭО-ның электр және жылу энергиясын өткізуден түсетін кірісі мынаған тең:

$$Кіріс = T_o \cdot \mathcal{E}_{om} + T_{om} \cdot Q_{om} = 10,70 \cdot 3441 + 8,69 \cdot 2489 = 58585,75, \text{ млн.тенге,}$$

Ал қосынды шығындар мына түрде анықталады:

$$Ш = S_o \cdot \mathcal{E}_{om} + S_m \cdot Q_{om} = 8,9 \cdot 3441 + 6,952 \cdot 2489 = 47928,42 \text{ млн.тенге}$$

Олардың айырмасы пайданың мөлшерін береді:

$$П = К - Ш = 58585,75 - 47928,42 = 10657,32 \text{ млн.тенге}$$

Мөлшері 30 % тең табыс салығын төлегеннен кейін таза пайда шығады,

$$ТП = П \cdot (1 - 0,3) = 10657,32 \cdot 0,7 = 7460,12 \text{ млн.тенге,}$$

Бұл толығымен банкке несие қайтаруға кетеді, демек қаржылық ағынды CF-ті құрайды.

Таза келтірілген құнды NPV анықтау әдісі

Бұл инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде фирманың құны қаншаға көтеріле (немесе сол инвестициядан берілген мерзімде түсетін таза пайданы көрсетеді) алатындығын көрсететін инвестицияны анықтаудың әдісі және ол төмендегідей анықталады

$$NPV = \frac{CF_1}{(1+r)^1} + \frac{CF_2}{(1+r)^2} + \dots + \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0$$

$I_0$  – бастапқы қаржылық салымдар.

Есептеу нәтижелерін 3-кестеге ұқсас енгізу керек.

Есептеу мысалы: фирма жылына 10%-бен төрт жылға 18000 сомада несие алды.

3 Кесте - NPV есептеу

ЖЫЛ	CF	R10	PV10
0	-5910,006777	1	
1	-5910,006777	0,909090909	-15874,07
2	-5910,006777	0,826446281	-10989,77

3	-5910,006777	0,751314801	-6549,494
4	-5910,006777	0,683013455	-2512,879
5	-5910,006777	0,620921323	1156,7699

$$R = \frac{1}{(1+r)^n}$$

NPV есептеу PV-дің бірінші оң мәніне дейін жүргізіледі. Егер есептеу берілген мерзімде жылдар бойынша тиімсіз болса, онда жобаның стратегиясын қайта қарау керек - CF-ті көбейту немесе r-і төмен банк табу керек.

Егер NPV фирмаға қажет уақытты қанағаттандырса, онда жобаның нәтижесінде фирманың құны өседі, яғни жоба тиімді, оны қабылдау қажет.

Бұл әдістің кеңінен қолданылуы бастапқы шарттардың әртүрлі комбинацияларға барлық жағдайларда экономикалық ұтымды шешімдерді табуға мүмкіндік бере алатын тұрақтылығымен түсіндіріледі.

Пайданың ішкі нормаларын IRR есептеу әдісі

Пайданың ішкі нормасы инвестициялау мақсатына бағытталған қаржының өтелу деңгейін көрсетеді. Бұл r-дің қандай мәнінде NPV=0 болатын көрсетеді

$$\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0 = 0$$

NPV=0 болған кездегі IRR – бұл жоба фирманың құнының өсуін қамтамасыз етпейді және оның төмендеуіне әкелмейді.

Бұл дисконттық еселеуіш ( $R = 1: (1+r)^n$ ) инвестицияларды жарамды және пайдасыз деп бөледі. IRR-ді инвестициялауға капиталды қандай бағаға алғанын және оны пайдаланғанда қандай таза пайда деңгейін алғысы келетінін (барьерлік еселеуіш) ескере отырып, фирма өзіне таңдайтын салымдардың өтелу деңгейімен салыстырады.

Есептеу нәтижелерін 4-кестеге ұқсас енгізу керек.

Есептеу мысалы: фирма жылына 15%-бен төрт жылға 20000 сомада несиені алады.

4 Кесте - IRR есептеу

жыл	CF	R15	PV15	R20	PV20
-----	----	-----	------	-----	------

0	-5910,006777	1	-5910,007	1	-5910,006777
1	-5910,006777	0,869565217	-16107,67	0,8333333333	-16321,79999
2	-5910,006777	0,756143667	-11638,86	0,6944444444	-12217,62862
3	-5910,006777	0,657516232	-7752,93	0,578703704	-8797,485806
4	-5910,006777	0,571753246	-4373,864	0,482253086	-5947,366798
5	-5910,006777	0,497176735	-1435,546	0,401877572	-3572,267624
6	-5910,006777	0,432327596	1119,5127	0,334897977	-1593,018312
7	-5910,006777	0,37593704	3341,3032	0,279081647	56,35611432

IRR шамасы төмендегі кейіптемемен анықталады

$$IRR = r_1 + \frac{NPV_{r_1}}{NPV_{r_1} - NPV_{r_2}} \cdot (r_2 - r_1) = 15 + \frac{756}{756 + 994} \cdot 5 = 17,2\%$$

IRR жоба бойынша тәуекел деңгейінің индикаторы болады - IR қаншалықты фирмамен қабылданған барьерлік еселеуіштен көп болса, соншалықты жобаның беріктік қоры көп болады және соншалықты болашақтағы қаржылық түсімдерді бағалау кезіндегі қателіктер қорқынышты болмайды.

Инвестицияның өтелу мерзімін PP есептеу

Бұл әдіс бастапқы инвестициялардың сомасын өтеуге қажет уақытты анықтауға негізделген

$$PP = \frac{I_0}{CF_n} = \frac{21246}{5910} = 3,6 \text{ жыл}$$

Екі әдіс бар: CF жылдар бойынша тең болғанда және CF жылдар бойынша әртүрлі сомамен жүргенде:

Егер  $I_0 = 600$ , ал CF 150-ден, онда  $PP = 600:150 = 4$  жыл.

Егер  $I_0 = 600$ , ал  $CF = -700 + 150 + 100 + 200 = 650$ , онда өтелу мерзімі 3,75 жыл, яғни 3 жыл 9 ай.



Біздің жағдайда, қаражат ағындары жыл бойынша тең және бірінші есептеудің мысалын пайдаланған жөн.

Қорытынды: Экономикалық бөлімде сол жобаға қажетті техника-экономикалық есептеулер жүргіздім. Бұл есептеудің мақсаты жобаны іске асыру барысында қанша мөлшерде ақшалай қаражат қажет екендігі және ол қаражатты қайдан, сонымен қатар ол қаражаттың қанша уақытта ақталатындығы, яғни алған қарыз несие қаражаттың төлену уақытын есептедім. Бастапқы қаржылық салым  $I_0=22465,63$  млн. тг, таза келтірілген құн  $NPV=392.68$  млн. тг, пайданың ішкі нормасы  $IRR=17,2\%$ , инвестицияның өтелу мерзімі  $PP=3$  жыл 6 ай екендігі

## Қорытынды

Сонымен дипломдық жобаның орындалуына қорытынды жүргізейік. Бұл дипломдық жобаны орындау барысында көптеген күрделі есептер мен тапсырмалардың оңтайлы өз шешімдері табыла білгенін айта кетуге болады. Негізгі бөлім бойынша Рудный қаласында бу өндірулігін жоғарлату мақсатында БКЗ-220-100 қазанын БКЗ-260-100 арттырдым. Нақтырақ айтатын болсақ, бұл реконструкцияны келесіден көруге болады: жанарғы қондырғысын жоғарғы өнімділікті жанарғымен алмастыру; оттықты газды жабынмен қаптау себебі артық соруларды алдына алу; I және II сатылы қарапайым құбырлы су экономайзерін мембраналы яғни газ жүрісінің кеңейтілген түріне алмастыру.

Сонымен қатар ЖЭО-ның жылу сұлбасын құрастырып есептеу; шығырлардың ЖЭО жылулық сұлбасының есептелуі; бу қазандарының отын шығысының есебі; шаң жүйесінің жабдықтарын таңдау және есептеу; жылу сұлбасының қосалқы жабдықтарын таңдау; негізгі бу және сумен қамтамасыз ететін құбырларын таңдау; үріп сорғыш машиналарын таңдау; күл ұстағыш және күлді аластауыш кестесін және жабдықтарын таңдау; су дайындау жүйесінің кестесін таңдау мәселелері қарастырылды. Экономикалық бөлімі бойынша жалпы Рудный қаласында ЖЭО-ның бизнес-жоспарын құрқастырып, керекті нәтижеге қол жеткіздім. Ал өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде ЖЭО-ның шығыр цехындағы шудың акустикалық есептеуін жүргіздім. Яғни әр түрлі жиіліктегі дыбыс қысымының деңгейін есептедім. Нәтижесінде қажетті шуды төмендету шамасын есептеп таптым. ЖЭО-ның өрт қауіпсіздігі мәселесі мен оның алдын алу шараларын талдап өттім.

Демек бұл дипломдық жоба сәтті орындалды деп қорытынды жасауға болады. Негізінде ХХІ ғасырда Жер шары нағыз экологиялық қате мен техникалық-технологиялық өрлеу үстінде болып саналады. Адам санының күннен-күнге арта түсуі жылу және электр энергияларының көп мөлшерде қажеттілігін туындатады. Алайда табиғи байлықтар мәңгі емес екенін естен шығармауымыз керек, энергия көздерін тиімді пайдаланып, экологиялық балансты сақтай білу қажет. Сонымен қатар ЖЭО салу мақсатында экономикалық тиімділігін арттыру шаралары еліміздің экономикасын әлдеқайда жақсартады және болашақта еліміздің нағыз энергетикалық держава екендігін айқындайтын болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ривкин С.Л., Александров А.А. Теплофизические свойства воды и водяного пара.-М.: Энергия, 1980.-424 с.
2. Основы современной энергетики. Учебное электронное издание под общей редакцией чл.-корр. РАН Е. В. Аметистова.: - М.: Издательство МЭИ, 2004.
3. Теплофикационная парогазовая установка Северо-Западной ТЭЦ . А.Ф. Дьяков, П.А. Березинец, М.К. Васильев и др. Электрические станции. 1996.
4. Некоторые особенности режимов эксплуатации головного энергоблока ПГУ-450Т. Р.И. Костюк, И.Н. Писковацков, А.В. Чугин и др. Теплоэнергетика. 2002.
5. Основы современной энергетики. Учебное электронное издание под общей редакцией чл.-корр. РАН Е. В. Аметистова.: -М.: Издательство МЭИ, 2004.
6. Тепловой расчет котельных агрегатов. Нормативный метод. –М.: Энергия, 1973.
7. Тепловые и атомные электрические станции. Справочник под ред. В.А Григорьева и В.М. Зорина.-М: Энергия, 1982.-625с.
8. Рыжкин В.Я. Тепловые электрические станции: Учебник для вузов. Под ред. В.Я. Гиршфельда-3-е изд. перераб. и доп .-М.: Энергоатомиздат, 1987.-328 с.
9. Сигал И.Я., Защита воздушного бассейна при сжигании топлив- Л.: Недра, 1988,- 312 с.
10. Е. Нұрекенов, Д. Темірбаев, Б. Алияров, Жылутәсілдемелік атаулардың орысша-казакша сөздігі. – Алматы, 1997ж.
11. Рихтер Л.А. Тепловые электрические станций и защита атмосферы. – М.: Энергия, 1975. -312 с.
12. С.Г. Парамонов, Б.И.Түзелбаев. 050717- Жылу энергетикасы мамандығының «Жылу электр станциялары», «Су және отын технологиясы» мамандықтары бойынша барлық оқу түрінің студенттері үшін курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар. - Алматы: АЭЖБИ, 2009. - 17 б.
13. Бакытжанов И.Б. Жылу электр станциялары. Дипломдық жобалау: Оқу құралы. Алматы, 2013.
14. Никитина И.К. Справочник по трубопроводам ТЭС. М.Энергия. 1983г. (Анықтамалық).
15. Соколов Е.Я. Теплофикация и тепловые сети. М.2001.

